

Г.И. Уайсова,¹, А.Н. Умирбекова²

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА СӨЗ ТАПТАРЫН ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА БАҒДАРЛАП ОҚЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сыныпта сөз таптарын жеке тұлғаға бағдарлап оқытудың психологиялық негіздері қарастырылған. Өз зерттеуімізде мектепте белгілі бір пәнді оқытудың тиімді әдістемесін жасау үшін оқушылардың физиологиялық және психологиялық қабылдау ерекшеліктерін, олардың психикасының даму заңдылықтарын ескере отырып жүргізілетіні пайымдалған. Мақала барысында сөз таптарын жеке тұлғаға бағдарлап оқытуда ой үдерісінің анализ, синтез компоненттерімен бірге ойлаудың салыстыру, абстракция, нақтылау операцияларына баса назар аудару маңыздылығы, ойлау жүйесі арқылы заттың барлық элементтері біріктіріліп көрсетілетіндігі алға тартылады. Осыған орай мақалада көрнекті психолог ғалымдардың ұстанған ұстанымдарына, бала дамуындағы ерекшеліктер мен заңдылықтарды зерттеу мәселесіне арналған еңбектерге көптеп сипаттама берілген.

Түйін сөздер: психология, жеке тұлға, тұлғаға бағдарлап оқыту, сөз таптары, таным үдерісі, рефлексия, оқу үдерісі, ойлау операциялары.

G.I. Uaisova¹, A.N. Umirbekova²

^{1,2} Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL FEATURES OF PERSONALITY-ORIENTED TEACHING OF PARTS OF SPEECH IN THE PRIMARY CLASS

Abstract

The article presents the psychological characteristics of personality-oriented learning of parts of speech in primary school. During the research, the physiological and psychological characteristics of students' perception were determined to develop effective teaching methods for this subject. The article reveals important aspects of thinking, such as comparison, abstraction, refinement operation, as well as components of personality-oriented learning parts, speech analysis, synthesis and saying that the thinking system combines all these elements into one cognitive process. The article gives a characteristic of the principle of scientists-psychologists, who also analyzes the problem of patterns and features of child development in the works of scientists.

Keywords: psychology, personality, personality-oriented learning, parts of speech, cognitive process, reflection, learning process, mental operations.

Уайсова Г.И.¹, Умирбекова А.Н.²

^{1,2}Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ЛИЧНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ ЧАСТЕЙ РЕЧИ В НАЧАЛЬНОМ КЛАССЕ

Аннотация

В статье рассматриваются психологические особенности личностно-ориентированного обучения частей речи в начальном классе. В ходе исследования определены физиологические и психологические особенности восприятия учеников для разработки эффективных методов обучения данному предмету. В статье раскрываются важные аспекты мышления, такие как сравнение, абстракция, операции уточнения, а также компоненты личностно-ориентированного обучения частей речи анализ, синтез и говорится о том что мыслительная система объединяет все эти элементы в один познавательный процесс. На ряду с этим в

статье даны характеристика принципам ученых-психологов, также сделан анализ проблеме закономерностей и особенностей развития ребенка в работах ученых.

Ключевые слова: психология, личность, личностно-ориентированное обучение, части речи, познавательный процесс, рефлексия, процесс обучения, мыслительные операции.

Мектепте белгілі бір пәнді оқытудың тиімді әдістемесін жасау жұмысы оқушылардың физиологиялық және психологиялық қабылдау ерекшеліктерін, олардың психикасының даму заңдылықтарын ескере отырып жүргізілетіні белгілі. Үстіміздегі ғасырдың 20-шы жылдарында жас ұрпақты оқыту ісінің осындай ғылыми негіздерінің бірі кенже қала бастағанын аңғарған Ж.Аймауытов "Жан жүйесі және өнер таңдау", "Психология" оқулықтарын жазған еді. Бұл еңбектері арқылы мұғалімдер мен ата-аналарға психология ғылымының мәнін қарапайым тілмен түсіндірген автор сол кездегі батыс Европадағы психологиялық ағымдар, көрнекті психолог ғалымдар ұстанған ұстанымдар туралы мол мағлұмат береді. Кейінгі қазақ психологтары (Т.Тәжібаев, Ә.Сытдықов, С.Балаубаев, М.Мұқанов, К.Жарықбаев, Ә.Алдамұратов т.б.) бұл ғылымның жалпы негіздері баяндалған оқулықтар мен оқу құралдарын жазып, педагогикалық психология саласы бойынша елеулі зерттеулер жүргізді. Алайда қазақ тілін, оның жеке салаларын оқытудың психологиялық ерекшеліктерін айқындауға арналған жүйелі зерттеулер көп емес.

Гректің атақты философы Аристотель психологияны жан қуатын зерттейтін ғылым, адамның әділетті, жігерлі болуы оның игілікті ісімен тығыз байланысты болатынын байқатады десе, жан қуаттары сыртқы құбылыстың мидағы түрлі бейнелері, яғни адамның рухани жан сезімінің (ой, сезім, қызығу, міне т.б.) іс әрекеттегі белгісі екенін тұжырымдаған ойларын В.А. Артемов [1], Б.В. Беляев [2] тәрізді психологтар өздерінің психологиялық еңбектерінде көрсеткен.

XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақтың аса талантты демократ ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров таным туралы былай дейді: «...адам табиғаттың туындысы, ондағы себептіліктің жемісі. Ол дүниенің сырларын біртіндеп ашып, оны шама-шарқынша өзгертіп отыратын белсенді тұлға. Адам сыртқы дүниемен байланыса отыра, оны біртіндеп тани береді, сөйтіп өзінің ақыл-ойын дамытады, оның ешбір рухани қасиеті туасынан пайда болмаған». Оның бұл пікірінен адамның тұлға ретінде қалыптасып дамуы қоршаған ортасына тікелей байланысты екенін айқын аңғаруға болады.

Жеке тұлғаның дамуында психологиялық құбылыстарды ғылыми түрде зерттеп, терең ғылыми тұжырымдар жасаған орыстың ұлы ғалымдары И.М. Сеченовтың рефлекс жөніндегі пікірі мен И.П. Павловтың жоғарғы нерв қызметі туралы ілімдерінің маңызы зор.

Қазақ тілі морфологиясын жеке тұлғаға бағдарлап оқытуда әр оқушының психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, осы пәнге деген көзқарасын дұрыс қалыптастыру мақсаты қойылады.

Адамның даралығын көрсететін психологиялық қасиеттер сыртқы жағдайлар әсерінен әр оқушыда әртүрлі көрініс табады. Оларды қалыптастыру психологиялық құбылыстардың атқаратын қызметіне, жас ерекшелігі мен ұлттық өзгешелігіне байланысты.

Ғалым Л.С. Выготский сөйлеу жүйесінің кезеңдерін жеке көрсете келіп талпыныс, ой, ішкі ой, семантикалық жоспар, сыртқа шығарып сөйлеу деген ой түйеді [3]. Сөйлемді жеткізуде ең алдымен ой пайда болады, ой сөз арқылы іске асады. Яғни терең ойлаған оқушының сөзі айқын, сөйлемі ұғынықты болады.

Сөздің тууында ең алдымен талпыныс пайда болады. Талпыныс белгілі бір іс-әрекетке итермелейтін жағдаятты керек етеді. Жағдаят кезінде ой мен тілді байланыстыра отырып, жеке даралық өзгешеліктердің жан-жақты дамуына түрткі болатын оқу іс-әрекетін ұйымдастыру тиімді.

А.А. Леонтьев сөз әрекеті ерекшеліктеріне тоқтала келіп, қандай да болмасын іс-әрекет талпыныстан және жоспардан тұрады да бір нәтижемен аяқталады деп көрсетеді [4].

И.А. Зимняяның тілді үйретуде оқушыларды ең әуелі қызықтыру, талпындыру арқылы ойландыруға жағдай жасау керек, өйткені қажеттілік пен талпыныс адамды белгілі бір іс-әрекетке итермелейді деген ой-пікірін оқыту үдерісінде пайдаланудың маңызы зор [5].

Неміс ғалымы У.Бранд-Клаиде оқушының неге бейім екендігін ескеру қажеттігін айтты. Оның тек осы жағдайда ғана оқушының ішкі белсенділігін арттыруға мүмкіндік туады. Оқушының ішкі белсенділігі артқан кезде ол өзі-ақ сөйлеуге, сөйлесуге, қарым-қатынас жасауға бейім тұрады, – деген пікірі алдыңғы ғалымдар ойын жалғастырады.

Адамның тілі ой мен санаға өте байланысты, тілсіз ой іске аспайды. Бұл туралы ғұлама ғалым Жүсіп Баласағұн: «Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» дейді [6]. Бұдан тіл адамның сана-сезімі мен психологиясының көрсеткіші деген ой түюге болады.

А.Байтұрсынов «... Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халынан хабар аларлық боларға керек», – деп оқыту үдерісінде оқушының жан дүниесіне үңіліп, жеке психикалық ерекшеліктеріне баса назар аудару қажеттігін ескерткен болатын [7].

Сөз таптарын жеке тұлғаға бағдарлап оқытуда ой үдерісінің анализ, синтез компоненттерімен бірге ойлаудың салыстыру, абстракция, нақтылау операцияларына баса назар аудару жөн. Мысалы, анализ үдерісі бойынша ой арқылы түрлі заттарды жеке бөліп қарастырсақ, синтез үдерісінде ой арқылы заттың барлық элементтері біріктіріліп жинақталады.

Бұл сияқты ой операциялары арқылы жүргізілген жұмыс оқушылардың ойлау қабілетін дамытады. Ой операцияларымен бірге түрлі формалары да (ұғым, пікір, ой, қорытындысы) тілдік қарым-қатынас әрекетімен байланысты. Оқушылар оқу үдерісі барысында өздерін қоршаған ортаның субъективті жаңалығын таниды. Оқу үдерісі – күрделі белгілер мен айырмашылықтар арқылы ерекшеленетін құбылыс. Демек мұнда оқу және танымдық үдеріс қатар жүреді деуге болады. Таным дегеніміз – дүние тану, білу процесінің адам санасында шындық құбылыстар арқылы бейнеленуі. Таным екі түрлі болады. Ғылыми таным қоғам дамуының талаптарынан шықса, шәкірттік таным оқушының білуге, оқуға деген құштарлығына байланысты болады. Таным құштарлығының мотивтері қажеттілік пен ынталылық қажеттілікті сезінуден пайда болады.

Таным үдерісінің құрамдас бөліктерінің бірі – пайымдау. Пайымдаудың алғашқы түрі – түйсіктер. Түйсік – сезімдік танымның бастапқы бөлігі. Түйсіктер мидың үлкен ми қырлары қыртысында алған деректерді қабылдайды. Бірақ түйсіну жекелеген сезім мүшелерінің қызметі арқылы іске асатын болғандықтан, әсер еткен тітіркендіргіштің мазмұны жөнінде бала ештеңе білмейді. Сол себепті сабақта берілетін мағлұматтар тек қабылдауға жеткенде ғана әсер еткен тітіркендіргіштің қасиеті санада тұтастай, толық бейнеленеді. Сондықтан оқушылар ұсынылған материалдарды дұрыс қабылдауы үшін баланың сезім мүшелерінің бәрін (иіс, дәм, есту, көру, сипап сезу) қатар әрекетке түсіру керек. Түйсіктермен қабылданған бейнелер елес түрінде есте сақталады. Елестен көргенін қабылдайды, бірақ құбылыстардың мәнін аша алмайды. Құбылыстар мәнін ашу ойлау, түсіну үдерісі арқылы іске асады. Құбылыстар мен заттардың мәніне түсінуге абстракциялы ойлау үдерісі көмектеседі, ұғым арқылы заттарға тән жалпы белгілер мен елеулі қасиеттерін даралап көрсету негізінде танымның ой қорытындысы жасалады. Бұған ойлаудың индуктивтік, дедуктивтік, салыстыру сияқты ой операциялары қатысатыны белгілі.

Таным үдерісі арқылы меңгерілген білім тиімділігі практикалық қолданыста тексеріледі. Бұл таным үдерісі бойынша меңгерген білім нақтылау болып табылады. Нақтылаудың тиімділігі абстракты ойлауды практикалық әрекеттерге көшіреді [8,51].

Ойлаудың бір формасы – пікір, ол ұғымды мақұлдау немесе жоққа шығару тәрізді көріністен тұрады. Пікір де ұғым сияқты тілдік материал, тілдік термин мен сөйлемдер негізінде пайда болады. Бірнеше пікірді бір-бірімен байланысқа түсіріп, тәртіпке келтіріп жаңа бір қорытынды пікір туғызады.

Пікірді тұжырымдаудың аяғы түсіну сияқты ойлаудың негізгі белгісі арқылы көрінеді. Адамның алдына қойған мақсатына, жеке психологиялық ерекшелігіне, тілдің ішкі заңдылығын білуіне байланысты қысқаша, жалпы, кең түрдегі түсініп ұғу болып үшке бөлінеді. Түсініп ұғу пікірін, айтар ойын өз сөзімен тұжырымдап, түрлендіріп айтып беру немесе іс-жүзінде орындап көрсету болып табылады. Ой қорытындылау үдерісі оқыту барысында үнемі қолданылады.

Ой формаларының тиянақты орындалуы еске байланысты. Бұл – есте қалдыру, қайта жаңғыру, тану, ұмыту сияқты психологиялық процестер жиынтығынан құралады.

Психикалық құбылыстардың ішінде зейіннің алатын орны ерекше. Зейінді өз ырыққа қарай бағыттау және шоғырландыру қабілеті жеке адамның белсенділігін білдіреді [8,141]. М.Жұмабаев: «Абай (Абай деп зейінді айтып отыр – Г.У.) дегеніміз – сыртқы дүниедегі бір затқа яки ішіміздегі бір жан көрінісімізге – ойға, ішкі сезімге, қайратқа жанның төнуі, нүктеленуі деген сөз. Абай болмаса біз сыртқы заттардан әсер әсер алып, олармен таныса алмаймыз» [9, 44], – десе, К.Д.Ушинский: «...зейін – адамның жан дүниесіне сыртқы дүниеден енетіннің барлығы да өтетін есіктің дәл өзі», – дейді [10, 22]. Яғни біз көңіл аударған құбылыстың санамызда қалуы зейіннің көмегі арқылы іске асады деген сөз. Ал зейін аудармаған ақпарат біздің санамызға жетпейді. Сондықтан сабақ үстінде оқушылардың зейінін аударудың маңызы зор және ол оңай жұмыс емес. Түрлі тәсілдер арқылы оқушы зейінін тұрақтандыру мұғалімнің негізгі педагогикалық істерінің бірі болып табылады. Оқушы зейіні негізінен сабақ үстінде тәрбиеленді. Жеке

тұлғаға бағдарланған оқытуда мұғалім оқушылардың зейінін сабаққа аударып қана қоймай, сонымен қатар олардың өз зейіндерін басқара алатындай ерік сапаларын тәрбиелеуі тиіс.

Жеке тұлғаға бағдарланған оқытуда баланың есті болуына баса назар аударылады. Өйткені ес болса ғана бала білімді меңгере алады. Бұл туралы М.Жұмабаев былай деп жазады: «... Ес болса ғана адам білімді бола алады, ес болса ғана адам дұрыс ойлай алады. Ес неғұрлым мол, бай болса, ой да терең болады. Терең ойлы адамдардың аса есті болғандығы бізге тарихтан белгілі. Балада ес болмаса, оған ешбір нәрсе үйретуге мүмкін емес. Сондықтан тәрбиеші баланың есті болуына аса көп күш жұмсау керек» [9, 53]. Бұдан біз естің адам өмірі үшін өте маңызды рөл атқаратынын аңғарамыз. Естің бірнеше түрі бар. Образдық ес нақты бейнені ойда қалдырып жаңғырту (мысалы, суретші, музыкант, актерлердің есте ұстаулары), қозғалыс есі (еңбек әрекетіне байланысты қимыл-қозғалысты есте қалдырып жаңғырту), эмоциялық ес (се-зімдерді есте қалдырып жаңғырту, қуаныш, қорқыныш, ұялу т.б.), логикалық ес (ұғым, пікір, ой қорытындысын жасау) оқу процесінде өткен тақырыпты есте қалдырып, қайтадан айтып беру сияқты жұмыс түрлері үнемі жүргізіледі. Оқушылардың өткен материалды есте сақтауы үшін мына тәсілдерді ұсынуға болады:

- материалды есте сақтауды мақсат ету;
- өтілген материалдың қажеттігін ұғыну;
- сол өтілген материалды күнделікті өмірде қолдана алу.

Есте сақтау тәжірибе жинақтап, оны байытуға ғана емес, адамның ақыл-ой қызметін жақсартып, рухани дамуы үшін аса қажет. Себебі есте сақтау қызметінсіз адам ойлай, талдай және жинақтап қорыта алмайды. Сол сияқты есте сақтаусыз елестете алу мүмкін емес, қиялдай білу мен мен шығармашылық та дамымайды.

Көрнекті педагог М.Жұмабаевтың: «... Бала өскен сайын тәрбиеші күшінің көбін баланың жан тәрбиесіне жұмсай беруге міндетті. Тегінде берік ұғу керек, адамның қымбат нәрсесі де, жұмбақ нәрсесі де сол жан. Қиын тәрбие тілейтін де сол жан. Жанды дұрыс тәрбие қылу үшін жанның жайын баяндайтын ғылыммен таныс болу керек. Жанды ешкім көрмесе де жанның барлығына дау жоқ» [9], – деген тұжырымы жеке тұлғаға бағдарланған оқытуда негізге алынатын психологиялық терең мәні бар түпкі мәселені көрсетіп берді. Ғалымның «адамның қымбат та, жұмбақ та нәрсесі» деп отырғаны – жеке тұлғаның ішкі жан дүниесі екені сөзсіз. Бұл туралы ғалым Ш.Майғаранова: «Рухани даму – тұлғаны қалыптастырудың өзегі және ол адамның тәндік, жандық, рухтық сипатының біртұтас үйлесімділікте өрбуі», – дейді [11]. Мұның барлығы тұлғаның осы ішкі жан (рухани) дүниесін байыту және дамыту оның жеке тұлға ретінде жан-жақты жетілуінің алғышарты болып табылатынын көрсетеді. Міне, сол себепті де мұғалім жеке тұлғаға бағдарланған оқытуда өз шәкірттерінің әрқайсысының психологиялық ерекшеліктерін терең білуі және ескеруі қажет.

Таным үдерісінде рефлексияның алатын орны зор. Қазіргі таңда пәнді оқыту барысында оқушының рефлексиялық мүмкіншіліктерін дамыту мәселесі қарастырылып жүр. «Философиялық сөздікте» рефлексияға мынадай түсінік берілген: «Рефлексия – форма теоретической деятельности общественно развитого человека, направленная на осмысление всех своих собственных действий и их законов; деятельность самопознания, раскрывающая специфику духовного мира человека» [12].

Рефлексия – адамның өзін қоршаған әлемді, оның барлық құбылыстарын ішкі сәулелендіруі, ішкі таным үдерісінің өтуі барысында өзінің қадағалау жүргізуі. Өйткені рефлексиялық құбылыстың өзі, негізінен, адамның өз санасын өзіне қарай аударуы және сонда болып жатқан процестер туралы өзінің ойын білдіруі.

Рефлексия туралы түсініктерді Платонның, Аристотельдің еңбектерінен бастап кездестіруге болады. Алайда әр уақытта рефлексияның әр қырынан танылуы оны түрліше түсіндіруге де себеп болғанын айтқан жөн. Психология ғылымындағы жаңалықтар, ең алдымен, оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты оқытылатын білім мен дағдылар мазмұнын айқындау барысында маңызды рөл атқарады. Белгілі орыс психологы Л.С. Выготский ұсынған "балалардың таяу болашақтағы даму аймағын ескере отырып оқыту" теориясының дұрыстығын кейінгі зерттеушілер (Б.Д. Эльконин, Л.В. Занков, В.В. Давыдов, т.б.) тәжірибе жүзінде дәлелдеп шықты. Соңғы жылдары күн тәртібіне қойылған "дамыта оқыту" бағыты осындай зерттеу жұмыстарының нәтижесінде өмірге енген еді. Мектепте орыс тілінің грамматикалық жүйесін оқыту әдістемесін зерттеуші ғалымдар (А.Н. Матвеева, Д.Маслов, А.В.Прудникова, т.б.) психология ғылымындағы жоғарыдағы жаңа көзқарастарға сүйене отырып, оқушыларға бастауыш сыныптардан бастап грамматикалық ұғымдарды меңгерту әдістемесін жасап шығып, енді жеке-жеке сөз таптарын оқыту әдістемесін тереңдете зерттеуге көшті.

Оқытылатын сөз таптарын оқушылардың меңгеру механизмі де күрделі үдеріс. Психолог ғалымдар тіл жүйесін меңгеру барысында балалардың талдау (анализ), біріктіру (синтез), салыстыру, абстракциялау, жалпылау сияқты ақыл-ой әрекеттерін орындайтынын айтады. Ал сөздердің сөз таптарына топтасу ерекшеліктерін (семантикалық мағыналарына байланысты топтасуын, қойылатын сұрақтарына қарай топтасуын, синтаксистік қызметіне қарай топтасуын) ұғыну үшін оқушылар психикасында екінші қайтара жинақтау үдерісі жүреді. Себебі сөз – айналадағы заттардың (құбылыстардың, әрекеттердің) бала санасында құр бейнеленуі ғана емес, негізгі белгілерінің жинақталып абстракциялануы. Басқаша айтқанда, академик И.П. Павлов ашқан жүйке қызметіндегі екінші сигналдар жүйесінің көрінісі. Оқушылар тілдегі морфологиялық құбылыстарды меңгеруге кіріскен кезде жеке күйінде-ақ жинақтау үдерісінің жемісі болып табылатын сөздерді мағыналық ерекшеліктеріне қарай тағы да жинақтайды. Сөйтіп, ең алдымен, сөз таптарының мағыналық ерекшеліктерін, содан соң олардың түрлену жүйесіндегі өзгешеліктерді біртіндеп аңғара бастайды. Бұл орайда олардың салыстыру, ұқсату, қарама-қарсы қою әдістерін пайдалану дағдысы ұштала түседі. Мысалға, қандай да бір сөздің қай сөз табына жататынын ажырату үшін оқушы сол сөзге сұрақ қояды және нені білдіретінін анықтайды. Сонымен қатар ол сөздің сөйлемде қандай мүше болып тұрғанын тапқызу да маңызды. Сондықтан тілдің морфологиялық жүйесін оқыту барысында дедукциялық және индукциялық ойлау әдістерін қолдана отырып, оқушыларды күрделі логикалық амалдарды талдау мен жинақтауға, жалпылауға дағдыландыру қажет. Психологиялық тұрғыдан оқушыларды дағдыландыру яғни түсіндірілген білімді тәжірибеде қолдануға үйрету жұмысының өзіндік сипаты бар. Бұл орайда балалардың жеке басының қасиеттері (қиял ұшқырлығы, ойлау қабілеті, темпераменті т.б.) үлкен рөл атқарады. Түсіндірілген морфологиялық ұғымдарды пысықтауға, бекітуге арналған жаттығу жұмыстарын жүргізу барысында мұғалім бұл жағдайды да есте ұстап әр оқушының жеке ерекшелігін мүмкіндігінше ескеруі қажет. Психолог ғалымдар тілдік құбылыстарды оқушылардың меңгеруін шартты түрде үш кезеңге бөліп қарастырады: *Ажыратылмаған түсіну кезеңі*. Мысалы, оқушылар "Зат есім" тақырыбын оқу барысында "заттың атын білдіретін сөздердің зат есім деп аталатынын" біле отырып, *қимыл, қуаныш, жарыс* сөздерін етістікке жатқызады. Тақырыпты меңгерудегі мұндай көмескілікті қосымша жаттығу жұмыстарын орындату арқылы айқындаймыз. Содан кейін ғана олар бұл сөздердің заттың атын білдіріп тұрғанын, оларға не? сұрағы қойылатынын түсінеді. Мұны *толық ажыратылмаған түсіну кезеңі* дейміз. Оқушылардың осы түсінігін мүмкіндігінше жетілдіре түсу үшін зат есімдердің түрлену жүйесі туралы ұғымдар мен дағдылар беру керек. Яғни осы аталған сөздерге зат есімдердің жалғауларын жалғату арқылы бұлардың зат есімдерше түрленетінін байқатамыз. Сонда ғана аталған тақырып бойынша *толық ажыратылған түсіну* кезеңінен өтеді.

Орыс психологы П.Я. Гальперин оқушыларға жаңа білім мен дағды берудің сатылы жүйесін ұсынды ("Вопросы психология" журналы, 1963, № 5). Бұл жүйе бойынша оқушыларға жаңа материалды меңгерту 5 сатыдан тұрады:

а) Бағдарлау. Бұл сатыда оқушылардың санасы мен ақыл-ойы әр алуан қимыл-қозғалыстар арқылы оқу материалын игеруге бағытталады. Мәселен, 2- сыныпта «Сын есім» тақырыбын өтуге бағдарлауда төмендегі өлеңді алуға болады:

Көбелек
Ақ қанатты көбелек,
Көк қанатты көбелек,
Қызыл қанат көбелек,
Бақшамызға келе кет.

(Ж.Смақов)

Өлең жеңіл, тілге орамды болғандықтан, мұғалім екі-үш қайталап оқыса, оқушылар ілесіп айтып кете алады. Өлеңді оқытып, қайталанған соң, көбелектердің суретіне көңіл аудартқан жөн.

- Көбелектің қандай түстері бар екен? (Ақ, көк, сары, ала, қызыл, т.б.)
- Ақ түсті заттарды атаңдар.
- Қандай көк түсті заттарды білесіңдер?
- Қызыл түсті қандай заттар бар?
- Мына шарлардың түсі қандай?

ә) Материалданған әрекет. Бұл сатыда оқушылар оқып үйренуге тиісті материалдардың мазмұнына сай әр түрлі әрекеттер, көрнекі құралдар, кестелер көрсетіледі. Сөйтіп жаңа материалды меңгеруге оқушылардың барлық дерлік ынта-ықыласы, зейіні аударылады.

– Біз, балалар, заттың түстерін атадық. Енді мына заттарға назар аударайық:

Алма, шар, лента т.б. заттардың суреттері көрсетіліп, сұрақтар қойылады.

- Алманың дәмі қандай?
- Алманың пішіні қандай?
- Лентаның түсі қандай?
- Шардың түрі, пішіні қандай? т.б.

Осындай сұрақтардың нәтижесінде оқушылар «Заттың түсін дәмін, түрін, пішінін білдіретін сөздер сын есім болады» деген тұжырымға келеді.

б) Тиісті оқу материалын дауыстап айтып, сөзбен құбылтып түсіндіру. Бұл сатыда оқу материалы шәкірттерге әр түрлі мәнмен, дауыс ырғағын құбылту арқылы түсіндіріледі.

в) Ой тәсілінің қысқартылуы. Бұл сатыда оқытылатын материалдың негізгі мәні ұғындырылып, оқушыларға тапсырмалар мен жаттығуларды орындау жолдары үйретіледі. Бұл тұста мынадай тапсырмалар орындатуға болады:

а) *Жуас, қалың, тегіс* сөздерін қатыстырып сөйлемдер құра. Бұл сөздердің мағынасын түсіндір.

ә) 1. Берілген сын есімнің соңғы дыбысынан басталатын сын есім тауып айт. Мысалы, жарық – қызыл, лайықты – ықшам т.б.

2. Оңға қарай оқыса да, солға қарай оқыса да бір ұғымды білдіретін қандай сын есімді білесіңдер? (қызық, ала, көк)

г) Берілген тапсырмаларды шәкірттердің іштей ойланып, үндемей орындауы. Бұл сатыда оқушылар іштей ойланып -толғанып, әр түрлі ақыл-ой әрекеттерін орындау арқылы меңгереді. Мәселен:

1. Мына сын есімдерге мағынасы жуық сын есімдерді тауып тұсына жаз.

ақылды	
тентек	бұзық
зерек	
әдепті	

2. Ішінде сын есімі бар жұмбақ тауып айт.

Іші жұмсақ, сырты қатты,

Еті қызыл, сүті тәтті.

3. Ішінде сын есімі бар мақал тауып айт.

4. Өзіңе ұнайтын бір аңды сипаттап жаз.

Оқытудың осындай сатылы жүйесі көмегімен берілген білім мен дағдылардың тиянақты болатынын көптеген психологтар мен педагогтар атап көрсетеді.

Жалпы оқыту үдерісінде, оның ішінде сөз таптарын оқытуға қойылатын тағы бір психологиялық талап – материалды меңгеруге оқушылардың зейінін аударып, ақыл-ой күшін жұмылдыру. Бұл талап сабақ барысында оқыту әдістерін құбылтып отыру арқылы орындалатыны белгілі. Көрнекі құралдарды пайдалану, ойын элементтерін қолдану т.б. әдістер оқушылардың зейінін шаршатпай, оқу материалын жеңіл меңгеруге ықпал жасайтыны белгілі. Алайда көрнекі құралдардың орынсыз көп қолданылуы, ойын элементтерінің шамадан тыс көптігі сабақ мақсатын басқа бағытқа ауытқытып, оқу материалын оқушылардың тереңірек түсінуіне кедергі жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Артемов В.А. Психология обучения иностранным языкам. – М.: Просвещение, 1969.
2. Беляев Б.В. Очерки по психологии обучения иностранным языкам. – М.: Просвещение, 1965.
3. Выготский Л.С. Мышление и речь. Собр.соч.в 6-ти томах. – М.: Педагогика, 1982. – Т1
4. Леонтьев А.А. Психология общения. – Тарту: Изд-во Тарт. гос. университета, 1974
5. Зимняя И.А. Психология обучения иностранным языкам в школе. – М.: 1991
6. Баласағұн Ж. Тарих. Тұлға. Уақыт/Жанайдаров, Орынбай. – Алматы: Аруна, 2008. – 92 б.
7. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
8. Богословский. В.В. Жалпы психология: оқу құралы. - Қайта қаралып, толықтырылған 2-басылымынан аударылды. - Алматы : [б. и.], 1980. - 349 б.
9. Жұмабаев М. Педагогика - Алматы, 1991. - 160 б.
10. Ушинский К.Д. Шығармалар жинағы, 10-т, РСФСР АПН баспасы, 1956.
11. Майгаранова Ш.М. Тұлғаны рухани дамыту мәселелері\ Қазақстан мектебі, № 4, 2000.
12. Соловьева В. Философский словарь. - Ростов н/Д : Феникс, 2000. - 464 б.

13. Матюшкин А. М. Исследование и диагностика мышления в условиях совместной деятельности. – В сб.: Проблемы программированного обучения: Материалы пятого советско-французского семинара по программированному обучению. – М., 1979, с. 43–53.